**«Нұр-Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының**

**әдістемелік кеңес отырысы**
**Хаттама №1**

02 қыркүйек 2021жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - портфолио жинақтау.

2. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту

3. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру..

4. Педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру және өткізу

5. Балалардың балабақшаға бейімделуі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері Т.А.Төлен педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары жайлы айта келіп, 2021-2022 оқу жылында оқу қызметін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу қажеттігін атап көрсетті.
Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты әр педагогтың, тәрбиелеу- білім беру процесіне тиісті мүдделері педагогикалық ұжымның және жеке қажеттіліктерін,ізденудің жаңа нысандарын және мазмұнын құру болып табылады.

Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру бойынша біліктілік курсынан өту, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстар жүргізу, материалдарын жинақтау, барлық салалар бойынша балаларға көрнекіліктерді қолдана отырып, оқу қызметін ұйымдастыру мәселесі жайлы нұсқаулықтар берілді.
Педагогтардың әдістемелік жұмыс жасау тұрғысынан өсуін қамтамасыз ету,дамыған инновациялық технологиялар есебінен оқу- тәрбие үрдісінің сапасын көтеру жолдары көрсетілді.
Негізінде педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау барысында барлық педагогтардың құжаттары талапқа сай толтырылуы қажеттігіне тоқталды.
Сонымен бірге, перспективалық жоспар мен циклограмманы толтыру мен мониторинг пен даму карталарын толтыру бойынша кеңес берілді.
Педагогтардың өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарлары талқыланып, портфолио жинақтау бойынша кеңес берілді.
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары талқыланып, бекітілді.
Күн тәртібіндегі үшінші және төртінші мәселелер бойынша өзара сабаққа қатысу, тәжірибе алмасу, өздерінің біліктілігін арттыру әрбір педагогтың кәсіби өсуіне әсер ететіндігін атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша жүргізілетін жұмыстар бойынша ақыл-кеңестер берілді.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырылсын.
2. Перспективалық жоспар, циклограмма және өзіндік білім көтеру тақырыптары бекітілсін.
3. Әдістемелік кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу, кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылсын.
5. Балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Т.А.Төлен

Хатшы: А.Базарбаева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ РК Г. ШЫМКЕНТ ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ 1 ДОШКОЛЬНЫЙ МИНИ-ЦЕНТР "НҰР БӨБЕК" МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҚ